

"Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 қантардағы № 9 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 тамыздағы № 159 "Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.
3. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды алсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетешілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы ол алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

C. Шәпкенов

Атырау облысы әкімдігінің
2024 жылғы 12 қантардағы
№ 9 қаулысына қосымша
Атырау облысы әкімдігінің
2024 жылғы 12 қантардағы
№ 9 қаулысымен бекітілген

"Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) Атырау облысы бойынша дене шынықтыру, спорт және туризмсаласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Укіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылды.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың орналасқан жері: 060002, Атырау облысы, Атырау қаласы, Абай көшесі, 10 "а".

9. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

10. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді Басқарманың орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Басқарманың мақсаттары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

Атырау облысы аумағында дене шынықтыру, спортты және туризмді дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау;

Әртүрлі спорт түрлерін дамыту;

Атырау облысы аумағында дене шынықтыру, спорт және туризм саласындағы қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу;

белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

отандық және әлемдік спорт жетістіктеріне баулу;

кәсіби біліктілікті қамтамасыз ету.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті құқықтық актілерді қабылдау;

тиісті ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан және басқалардан ақпаратты, құжаттарды сұрату және алу;

қолданыстағы заңнамалық актілерде және осы Ереженің функциясында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтау;

Басқармаға жүктелген функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

Басқармаға келіп түскен шағымдар мен өтініштерді қарау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

14. Функциялары:

1) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым құру туралы ұсыныстар енгізеді ;

2) респубикалық және (немесе) жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларымен бірлесе отырып облыстықспорттық жарыстарды, оның ішінде ардагер спортшылар арасында өткізеді;

3) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларды даярлауды және олардың респубикалық және халықаралық спорт жарыстарында өнер көрсетулерін қамтамасыз етеді;

4) облыс аумағында бұқаралық спорты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

5) облыс аумағында дene шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

6) халыққа арналған спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс-шаралар өткізу мақсатында білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарын сабактан тыс және кешкі уақытта пайдалану жөнінде шаралар қабылдайды;

7) спортшыларға: Қазақстан Республикасының спорт шеберіне кандидат, 1-разрядты спортшы спортың разрядтарын береді;

8) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер,

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді, біліктілік санаттарынан айырады;

9) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;

10) облыс аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға береді;

11) облыс аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуі үйлестіреді;

12) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу жөнінде жұмыс жүргізеді;

13) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

14) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері мен спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттары үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады;

15) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері мен спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарының үлгілік оқу жоспарларын келіседі;

16) Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізеді;

17) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы ұсыныс енгізеді;

18) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ұсыныс енгізеді;

19) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіреді;

20) спорт мектептеріне, спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе береді;

21) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорт ғимараттарын жобалауға арналған техникалық ерекшелікті және техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі;

22) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері

бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін әзірлейді және бекітеді;

23) спорттың басым түрлерінің өнірлік тізбесін әзірлейді және дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның келісуімен бекітеді;

24) бюджет қаражаты көлемі шегінде балалар мен жасөспірмдерге арналған спорт секцияларын қаржыландыруға мемлекеттік спорттық тапсырысты әзірлейді;

25) мемлекеттік спорттық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердіңменшік нысанына, олардың ведомствоның бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірмдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

26) электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

27) Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңының талаптарына сәйкес туроператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

28) гидті кәсіптік даярлауды ұйымдастырады;

29) туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органмен келісім бойыншада бекіту үшін облыстық әкімдікке ұсынады;

30) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

31) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

32) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты береді;

33) тиісті әкімшілік-аумактық бірліктің аумағында туризм инфрақұрылымын құрады, туристің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын объектілерді салу мен дамыту бойынша шаралар қабылдайды;

34) туризмді дамытуда туристік қызмет субъектілері үшін жағдайлар жасайды;

35) туристік қызмет объектілерін салу, қайта құру кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтейді;

36) уәкілетті органмен келісім бойынша күтіп-ұсталуы кезіндегі шығындардың бір бөлігі өтелетін санитариялық-гигиеналық тораптардың тізбелерін бекіту үшін облыстық әкімдікке ұсынады;

37) кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтейді;

38) кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялайды;

39) туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтейді;

40) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Басқарма басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады

16. Басқарма басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) Басқарманың қызметіне басшылық жасайды және оған жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік органдарда, соттарда және басқа да ұйымдарда Басқарма мүддесін білдіреді;

3) өз орынбасарларының және Басқарма қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

5) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма қызметкерлерін көтермелейді және тәртіптік жаза қолданады;

7) Басқармада сыйайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған қажетті шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға дербес жауапты болады;

8) өз құзыреті шегінде бүйректар шығарады, өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

9) заңнамаға сәйкес заңнамамен Басқарма мемлекеттік басқару органы болып табылатын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың басшыларын тағайындейды, сондай-ақ босатады.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады

4. Басқарманың мүлкі

18. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

19. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

20. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

21. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Атырау облысы №1 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№3 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№4 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№5 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№6 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№1 Жыл сайын аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№2 Жыл сайын аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№3 Жылдың аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№4 Жыл сайындық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№5 Жыл сайын орталық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Мақат аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Доссор балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Күрманғазы аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Махамбет аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Исатай аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Қызылқоға аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Индер аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Ақжар балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Жем балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

22. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Косшағыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

23. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Дамба балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

24. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Ақжайық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

25. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Жанбай балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

26. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Есбол балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
27. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Өрлік балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
28. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Сағыз балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
29. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Ақкөл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
30. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Шортанбай балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
31. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Бекейхан балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
32. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Олимпиадалық резервін дайындау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
33. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Олимпиадалық емес спорт түрлерінен Жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
34. "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Жоғарғы спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
2. Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Мүгедектердің спорттық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
3. Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Бокстан облыстық мамандандырылған спорттық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.